

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ валюталық  
нарық жөніндегі Биржалық кеңес  
Комитетінің шешімімен

(1999 жылдың 24 тамызындағы  
№ 6 хаттама)

**Б е к і т і л д і**

**Шетел валютасы сауда-саттығының  
қорытындылары бойынша есеп айырысу  
мерзімдерін бұзғаны үшін  
жауапкершілік туралы  
ҚАҒИДА**

---

---

Алматы қ.

1999

## ТУЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2002 жылдың 28 ақпанындағы № 2 хаттама);
- 2002 жылдың 02 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

### 3. № 2 өзгертулер:

- 2004 жылдың 19 науырызында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2004 жылдың 10 науырызындағы № 6 хаттама);
- 2003 жылдың 23 науырызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- 2010 жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2009 жылдың 23 қарашасындағы № 30 (з) хаттама);
- 2003 жылдың 13 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағидада қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

**"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (KASE) *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"Айыпты жақ"** – төлемді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған Биржа немесе оның мүшесі;

**"Биржаның корреспонденттік шоты"** – осы Қағидаға сәйкес тұрақсыздық төлемінің сомасын аудару үшін қолданылатын Биржа шоты, осы мақсатта Биржа оның деректемелерін Сауда-саттық қатысушыларына хабарлайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 науырызындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"БЕҚО"** – "Шаруашылық жүргізу құқығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің банкаралық есептесулердің Қазақстан орталығы" мемлекеттік ұйымы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"Орындамаушылық"** – "Шетел валюталары сауда-саттығының қорытындылары бойынша есептесулерді жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген анықтамаға сәйкес;

**"Төлем"** – қазақстандық теңгедегі төлем немесе биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді орындау үшін қаржы құралының жеткізілімі;

**"Жәбірленуші жақ"** – төленбеген немесе тиісті түрде төленбеген төлем салдарынан құқықтары бұзылған Биржа немесе Биржа мүшесі.

**"Биржаның банктік шоты"** – осы Қағидаға сәйкес тұрақсыздық төлемінің сомасын аудару үшін қолданылатын Биржа шоты, осы мақсатта Биржа оның деректемелерін Сауда-саттық қатысушыларына хабарлайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2002 жылдың 28 ақпанындағы және 2004 жылдың 10 науырызындағы шешімдерімен өзгертілген)*;

**"Есептесу мерзімдері"** – биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген;

**"Тарап"** – Биржа немесе Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысушы;

**"Төлем сомасы"** – қазақстандық теңгедегі ақша төлемінің сомасы немесе биржалық мәмілелер бағасы бойынша қазақстандық теңгедегі қаржы құралын жеткізу көлемі. Бұл мәмілелерді орындау үшін жеткізілім жүзеге асырылуы тиіс;

**"Сауда-саттыққа қатысушысы, қатысушылар"** – шетел валютасының биржалық сауда-саттығына жіберілген валюталық нарық қатысушылары *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

## I бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖҮКТЕУ НОРМАЛАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

### 1 бап. Жауапкершілікті жүктеу нормалары

1. Биржаның Төрелік комиссиясы шешімінің негізінде есептесу мерзімдерін бұзғаны үшін тарапты айыпты деп тану және оған жауапкершілікті жүктеу жүзеге асырылады.
2. Мерзімдерді бұзғаны үшін жауапкершілік төлемді тікелей орындамаған тарапқа ғана жүктелуі мүмкін.

Есептесу мерзімдерінің бұзылуына әкеліп соқтырған өзге тұлғалардың (соның ішінде сауда-саттыққа қатысушы мәртебесі бар) әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін осы тұлғалар атынан немесе олар арқылы төлем жасаған тарап жауап береді.

3. Айыпты жақ болып танылған сауда-саттыққа қатысушы жеке төлемін төлемегені немесе осы сауда-саттыққа қатысушының есептесу мерзімін бұзғаны нәтижесінде Биржа сауда-саттығының өзге қатысушыларының пайдасына төлейтін төлемдерінің төлемегеніне осы өлшемдердің үлкендігіне қарай жауап береді.

4. Екі және одан да көп тарап айыпты деп танылған жағдайда, жауапкершілік олардың арасында орындалмаған төлемдер көлеміне қарай пропорционалды жүктеледі.

**2 бап. Жауапкершілік нысаны**

5. Айыпты деп танылған тарап тұрақсыздық төлемін төлейді.
6. Есептесу мерзімін күрделі немесе бірнеше мәрте бұзған сауда-саттық мүшесі тұрақсыздық төлемін төлеумен қатар, Биржа Басқармасының шешімі бойынша сауда-саттыққа қатысудан шеттелуі немесе Биржа Басқармасының шешімі бойынша Биржа мүшесі қатарынан шығарылуы мүмкін.

**II бөлім. ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ТӨЛЕМІН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ**

**3 бап. Тұрақсыздық төлемін төлеу**

7. Биржаның Төрелік комиссиясы тұрақсыздық төлемінің өндіріліп алынатын сомасын валюталық нарық бойынша есептейді.
8. Тұрақсыздық төлемі  $S \times P \times D$  болып есептеледі  $S \times P \times D$ , мұнда:  
 $S$  – осы Қағиданың 1 бабы 3 тармағына сәйкес анықталған орындалмаған төлем сомасы;  
 $P$  – 0,1 % *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 23 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;  
 $D$  – есептесу мерзімін бұзу күнінен бастап (осы күнді қосқанда) мәмілені бұзуды жою немесе мәмілені бұзу күніне дейінгі күнтізбелік күндер саны.
9. Тұрақсыздық төлемінің минималды сомасы отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2002 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
10. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2002 жылдың 28 ақпанындағы шешімімен алынып тасталды)*.

**4 бап. Тұрақсыздық төлемін төлеу**

11. Тұрақсыздық төлемі Биржаның валюталық нарық бойынша Төрелік комиссиясы тиісті шешім шығарған күннен бастап, шешім қабылдау күнін қоспағанда, екі күн аралығында төленеді.
12.
  - егер тұрақсыздық төлемі сауда-саттықтың басқа қатысушыларының пайдасына өндіріліп алынатын болса, онда сауда-саттыққа қатысушы тұрақсыздық төлем сомасын Биржаның корреспонденттік шотына аудару арқылы немесе тұрақсыздық төлемі Биржаның пайдасына өндіріліп алынатын болса, Биржаның банктік шотына аудару арқылы төлейді;
  - Биржа сауда-саттыққа қатысушының банктік шотына<sup>1</sup> тұрақсыздық төлемі сомасын аудару арқылы тұрақсыздық төлемін төлейді.
13. Айыпты деп танылған сауда-саттыққа қатысушы тұрақсыздық төлемін аударумен қатар, Биржаның валюталық нарық жөніндегі Төрелік комиссиясының шешімімен белгіленген төрелік алым сомасын Биржаның есептік шотына аударуы тиіс.

---

<sup>1</sup> Биржаның осы сауда-саттыққа қатысушының алдындағы міндеттемелерін төлеуі үшін одан түсетін қазақстандық теңгелерді аударуға қолданылатын, деректемелері тиісті түрде рәсімделіп, Биржаға ұсынылған сауда-саттыққа қатысушының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкідегі, банктегі немесе банктік емес қаржы ұйымындағы шоты.

14. Сауда-саттық қатысушыларының пайдасына өндіріліп алынған, Биржаның корреспонденттік шотына түскен тұрақсыздық сомалар өндіріліп алынған күннен бастап екі күн арасында олардың банктік шоттарына аударылады.
15. Тұрақсыздық төлем мен тиісті Төрелік алымдар бойынша Биржа алдында орындалмаған міндеттемелері бар сауда-саттыққа қатысушы осы міндеттемелерін толық орындамай, Биржаның барлық қаржы құралдары бойынша өткізетін сауда-саттығына қатысуға жіберілмейді.

**5 бап. Биржа төлейтін тұрақсыздық төлемінің шектелуі**

16. Биржа төлейтін тұрақсыздық төлемінің сомасы Биржа тарапынан төлемі төленбеген, шетел валютасының сауда-саттығы бойынша биржалық мәмілелерден түскен, есептесу мерзімі бұзылған күннен бастап тұрақсыздық төлемін төлеу күніне дейінгі кезеңдегі комиссиялық алымдар сомасымен шектеледі.

**III бөлім. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШТЕР ЖАҒДАЙЛАРЫ**

**6 бап. Еңсерілмейтін күштер жағдайларының түсінгі**

17. Еңсерілмейтін күштер жағдайлары деп:
  - а) өртті, жер сілкінісін және өзге де табиғи апаттарды, соғыстарды, соғыс әрекеттерін, лаңкестік актілерді, халықтық толқуларды, наразылықтарды, локауттарды, эмбарго, мемлекеттік органдармен белгіленген тыйымдар мен шекетеулерді;
  - б) БЕҚО-ның бағдарламалық-техникалық құралдарының бұзылғандығын түсінеміз.
18. Осы баптың 17(а) тармағында көрсетілген еңсерілмеген күштер жағдайларының орын алуы фактісін және осы жағдайлар әрекетінің ұзақтылығын растайтын құжат Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы немесе тиісті мемлекеттің өзге де құзырлы органының (ұйымның) анықтамасы болып табылады;
19. Осы баптың 17(б) тармағында көрсетілген еңсерілмеген күштер жағдайларының орын алуы фактісін және осы жағдайлар әрекетінің ұзақтылығын растайтын құжат БЕҚО-ның бірінші жетекшісі немесе оның орынбасары қол қойған және БЕҚО мөрімен куәландырылған анықтама болып табылады.
20. Анықтама 17(б) тармағында баяндалған жағдайлардың пайда болуы сәтінен бастап жеті күнтізбелік күн аралығында Биржаға ұсынылуы тиіс.

**7 бап. Еңсерілмейтін күштер жағдайларының пайда болу салдары**

21. Есептесу мерзімдерін бұзу үшін қарастырылған жауапкершіліктен тараптар мынадай жағдайда: егер мұндай бұзушылық сауда-саттық өткеннен кейін орын алған еңсерілмеген күштер жағдайлары салдарынан туындаса және тараптар оның болатынын болжаламаса немесе оның алдын ала алмағанда босатылады.
22. Еңсерілмейтін күштер жағдайларының туындауына байланысты төлемдерді төлей алмайтын тарап осындай жағдайдың туындағаны, оның ұзақтылығы мен тоқтатылу мерзімі туралы бенефицианттарға шұғыл түрде хабарлауы тиіс.
23. Еңсерілмейтін күштер жағдайлары орын алған кезінде мұндай жағдайлар аяқталғанға дейін есептесу мерзімі кейінге қалдырылады.